

А 61

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ

НҰРЛЫ
ДҰНИЕ

АЛМАТЫ ~ 1950

К03.
АЫ



ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ

Нұрлы
дүние

ӨЛЕНДЕР ЖҰЙНАҒЫ

22560

КАРАГАНДИНСКАЯ
ГОСУДАРСТВЕННАЯ
БИБЛИОТЕКА

Қазақтың
Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы
Алматы 1950

АБОНЕМЕНТ





СОВЕТТІК МЕНІҢ ӨЗ ЕЛІМ

Өмірге ендім еңбектеп,
Шалқалап әкем шықты үйден;
Жетімдік тағдыр жетті ептеп,
Қабағын жаба түксиген.
Өмірден үміт жоқ өзге,
Даланың тердім тезегін.
Әкембоп таптың сол кезде
Советтік менің өз елім!

Галстук кызыл мойнымда,
Мектепке қарай жүгірдім;
Қолымды тұңғыш қойдым да,
Бетін бір аштым білімнің.
Сапқа да тұрдым, ту алдым,
Келдідеп менің кезегім;
Әкемдей сонда қуандың
Советтік менің өз елім!

Жүрегімді ұстап қолыма,
Жүрегімді емес, - билетті,
Қосылдым жастар тобына
Ақ көңіл, адал ниетті.

Сүйсінттім досты, ержеттім,
Өртедім жаудың өзегін;
Қуатын бердің жер-көктің
Советтік менің өз елім!

Дүние бүкіл дөңгелеп,
Көзімнің келді алдына,
Үстіне шықтым өрмелеп,
Қарадым бойлап арғыға.
Он жетер жерге көз жетті,
Арғысын және сеземін:
Жатырсың алып жер-көкті,
Советтік менің өз елім!

Тауға да шықтым, жер басты:
Аспанға ұштым - көк көрдім;
Өмірге құлаш кең аштым,
Бәрін де көзден өткердім.
Жарқылдап жаһан - кең сарай
Аралап оймен кеземін.
Таппадым сенен артық жай,
Советтік менің өз елім!

Бұлбұлым сайра кеудемде,
Бұлбұлым менің жүрегім;
Көңілдің күйі келгенде
Ағыл да тегіл жыр едім.
Ағыттым ойдан ел үшін,
Өлеңніңерке өзенін;
Ақының болдым сен үшін,
Советтік менің өз елім!

1948

НҰРЛЫ ДҮНИЕ

Н ұрлы дүние-сырлы сарай
Айқара ашып есігіңді,
Ендім аңсап алтын арай
Арманым жоқ осы күнді.

Нұрлы дүние, от бердің сен
Көкірегімде мәңгі лаулар,
Бердің қуат, бір сілкінсем,
Арқама орнар асқар таулар.

Нұрлы дүние, қадіріңді
Білемін де жырлаймын ғой,
Әнмен қарсы ап әрбір күнді
Түн-түнекке ұрмаймын бой.

Нұрлы дүние - туған елім,
Жарқылдайсың жас айбынмен;
Бір сен үшін туған едім,
Бір сен үшін жасаймын мен.

1950

Төңкере қарап тұрмыз біз
Кұлпара болсын күйресін!
Құйынды дала бетінде
Қаңбақтай көшкен ел едік,
Емендей бүгін бойлады,
Даланы гүлге бөледік.
Отыз жыл оты маздаған
Отанда өскен халықпыз,
Етегі Еділ-Ертісте,
Ер, еркін елміз, алыппыз.
Қазақтың дана даласы,
Орыстың ойлы орманы,
Достықтың болды дүниесі
Бауырлас елдің қонғаны.
Азия менен Европа
Қатысаралтын көпірдей
Қазақтың жатыр даласы
Дүние достық көркіндей.
Қонақтап күні көкшеге,
Асылып айы Алтайға,
Керіліп жатқан кең дала,
Дариға, мұндай жер қайда!

Өмірдің алтын сакасын
Үйіріп алшы түсірдік.
Жаһанның шешіп жұмбағын,
Тіліне дүние түсіндік.
Үйіріп келіп жаудырдык
Қаңсыған шөлге жаңбырды;
Бұйырып келіп бағынттық
Қатыгез долы дағдырды.
Дедік те дереу «іске сәт»,
Жетектеп жылды жер бастық,
Сүйсіне соқты әр сағат,
Секундтің үнін тыңдастық.

Өзіміз туып-өскен жер
Рақаттана көтерді,
Сіңген қайрат, аққан тер
Береке болып өтелді.
Біріміз жердің үстінде,
Біріміз жердің астында,
Білім мен білек күш бірге,
Бермесін алдық тастың да.
Шыңырау шахта түбінен
Бұлттан аса өрледік,
Сақылдап тұрса сар аяз,
Бұрқырап істе терледік.

Халқымның құтты қазаны
Сақылдап қырда қайнаған -
Қарағанды, Балхашым,
Қазына толы айналам.
Алатау бойы нұр сәулет,
Қаратау бойы мол ырыс,
Ұлытаубойы ен дәулет,
Теміртау бойы сом құрыш.
Даланың дастарқанына
Толтыра төктік жемісті;
Жайды күнге жиһазын
Жер асты да, жер үсті.
Тұяғын алтын мал қаптап,
Даламыз жатыр дүбірлеп,
Төскейде төлі ойнақтап,
Төсекте бала үілдеп.
Қоңырау үнді құлыншақ
Желкілдеп желмен айдары,
Ойнаған қырда асыр сап,
Жарысып тай мен тайлағы.
Жамырап күнде жас өмір,
Маңырап айға марқасы,

Сауыры құтты болды жер
Қазақтың сары-Арқасы.
Ұшырдыққазак аулынан
Қанатыталмас қыран құс;
Бүркіт қып бізді баулыған
Ленин - Сталин, мың алғыс!

1947-1950

ТУҒАН ЖЕР

Шықшы тауға, қарашы кең далаңа;
Мәз боласын, ұқсайсың жас балаға,
Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсең,
Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?
О, дариға, алтын бесік туған жер,
Қадырыңды келсем білмей, кешегөр!
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей,
Ақын болмай, тасың болсам мен егер.
Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің!
Неңдей күйге жүрегімді бөледің?
Сенде тудым, сенде өстім мен, сенде өлсем,-

Арманым жоқ бұл дүниеде, - дер едім,
Мен де өзіндей байтақ едім, кең едім;
Қызығыңды көріп еркін келемін,
Сен де аямай бердің маған барыңды,
Мен де аямай барым саған беремін.
Болдым ғашық, туған дала, мен саған,
Алыс жүрсем, арманым - сен, аңсаған;
Жақын жүрсем, мен - төрінде жаннаттың,
Алтын діңгек - өзім туған босағам!

1946

МЕЗГІЛҮНІ

Келер күн келіп жатыр жалт-жұлт етіп,
Біз жүрміз қуаныштың күйін шертіп,
Болатқа бөлеп қойып туған жерді,
Алып боп, ақылды боп алдық беркіп,
Жолаушы өткен-кеткен заманаға,
Жаутаңдап қалған қарап құба дала,
Қаңбақтай көшкен, тағдыр желі қуып,
Қайран ел, жеттің барлық сыбағаға.

О, дала! Мұхит дала, неткен кеңсің!
Ақынның ойынан да сен тереңсің,
Сардала сараң едің күні кеше,
Япырай, бүгін неткен берегенсің!
Барқыт тау, жасыл дала, зеңгер аспан,
Күміскөл, ерке өзен алып қашқан,
Құмартып келем саған бала жастан,
Мен үшін жер бар ма екен сенен асқан!
Бөбектей былдырлаған бір бал таңдай,
Ойнаған жібек қанат желің қандай!
Жұлқына көкте қылыш суырса бұлт,
Бұлқына аққан сері селің қандай!
Ой толы ормандарың шежіре-шешен, -

Сықылды ертеқ айтқан менің шешем;
Саумалдай сіміремін самалыңды,
Кәусар деп, туған дала, суыңды ішем.
Жайқалып жатса толқып қалың нуың,
Толқыта ән шырқаса Айсұлуың,
Туған жер, күлімдейсің кәдімгідей,
Деміңдей көтеріліп көкке буың.
Шыңына асқар таудың қонақтап күн,
Құмартып сол далаға қарайды әр күн,-
Шат күліп ұшады ол көк төсіне
Биіктен сол далаға сеуіп алтын.
Сықылды дәл осы күн көсеміміз,-
Сталин!

Нұрға балқып өсеміз біз -
Болсын деп басқадан бай өз еліміз,
Ақсын деп жылдамырақ өзеніміз.
Кеуденді аш, оймен үніл қаламызға!
Тұтанар лап етіп от санаңызда,
Орнында мынау сәнді сарайлардың
Тек сағым ойнаушы еді...

Нанамыз ба?

Қарашы қазақстан картасына,
Қарашы Қарағанды, Балхашына,
Келешек сәнді көші жатыр қонып,
Кешегі қазақтың сары-Арқасына.
Жалпақ жер - күңгірлейтін ат шапқанда,
«Бұл не!» деп ойлайтынбыз анда-санда,
Жер емес, алтын екен жатқан тұтас
Табиғат тыққан ұрлап бір заманда.
Тау тұрды талай ғасыр бүгіп сырын,
Тілі жоқ, мұңы бардай бір жасырын
Тау емес, мыс, қорғасын, болат екен,
Туған жер үйе салған бар асылын.
Қарашыесігіне институттың,

Байқашы,
Шыққан содан жас жігіт кім?
Көзіңкөрінгенмен кішкене боп,
Басында дүние жатыр сол жігіттің!
Аршын төс, алыс қарап келеді қыз,
Сүйкімді, әм салмақты, ойы теңіз;
Бойына алса жыйып бар білімді,
Япырмай, басады екен адам нығыз.
Төгілген кәусәр бұлақ күлкісі бар,
Көзі күн, кірпігінен нұр шашырар,
Өмірге ғашығындай болған құмар,
Қызыңыз арман болған осы шығар.
Шат күлген, қараңызшы, шалымызға!
Жарыған тұңғыш рет ұлға, қызға,
Көзіндебір от жатыр кемпірдің де
Тереңдеп қарамасақ ұғамыз ба.
Ән қайда біздің әндей жатқан еркін!
Дауыл ғой дауысымыз!

Тең келер кім?

Кеудемізкетті кеңіп,
Алдық жазып,
Тарылтқан тар заманда жүрек дертін.
Әлемі ән мен күйдің жатыр бұрқап,
Ленин деп, Сталин деп жүрміз шырқап,
Келер күн кемеріне қолын артып,
Жаркылдап отыр тыңдап сәби ұрпақ.
Бақыт не, өмір өксіп көп аңсаған?
Бақыт бұл - жана әлем біз жасаған -
Советтік Социалистік Республика!
Сталин!

Бақыт деген дәл осы адам.

1947

АНТ

(Көсем туралы дастаннан)

Есімде жүгіргені жұрт егіле,
Қадалып қайғы қанжар жүрегіне;
Аспанның асты кенет қарауытты,
Шыға алмай, құлағандай, күн көгіне.
О Ленин! Ле - нин. Ле - нин...

Дүние жым-жырт,
Кеудеде арпалысты бір долы бұлт.
Талықсып ыстық жаңбыр жауды көзден,
Жалын жүз жеткендей күз тартты сұрғылт.
Тым-тырыс,

Тұрды өмір ұйып қана,
Шыр етті бесіктегі бір жас бала.
Өркім тұр өз сорынан көріп мұны,
Кеуде бұлт,

Дүние күңгірт,

Көңіл жара.

Бір шеттен боздады күй ыңырана...
Булығып күйінеді күй бишара.
Дүние - дүние емес, болды зират,
Ауызын ашты қабыр құшырлана...

- О, жоқ, бұл мүмкін емес
Тула жүрек!

Ленин ол! Ленин! Ленин!!

Ол тас түлек
Жүр ұшып қазір елдің аспанында,
Қараңдар,

Тұр ғой, әне, күн күркіреп...
Ол соның екіпіні ғой, -

Тыңдаңдаршы.

Бикке тік көзінді, жарлы-жалшы
Қоншы кеп тұғырыңа бүркітіміз!
Күй шіркін, қоя тұршы...

ыңыранбашы! -

Деген ой кеудемізде болып дауыл,
Шайқалып кетті толқып қала, ауыл.
Діңгегі дүниенің шарт сынғандай,
Жаныштап бара жатты қаза ауыр.
Шыныққан сан айқаста болат қайрат
Егілді, қайғы отында балқып-қайнап,
Ел болып еңіредік,

Кеудемізге

Бұлт жыйып,

Қолымызғақара байлап.
Қаралы тулар тұрды ой жеңгендей,
Қарайды жалау шеті өртенгендей.
Лениннің қарай бердік келбетіне,
Бөбектей болдық аң-таң.

Жүрдік сенбей...

Темірді тесетіндей тамған жасы,
Сылқ етіп түсіп қолдан өр балғасы,-
Тоқтаған машинадай тұрды тұнып
Жұмысшы,

Төске құлап ауыр басы.

Қасірет кадалғандай жүрегіне
Сүйеніп шаруа тұрды күрегіне,

Сақалын ағартардай аққан жасы,
Қондыкеп қайғы бұлты іреңіне.
Шат күліп кең далада шапқан кедей -
Кенет кілт қалды тоқтап,

Тырс үндемей,
Құшақтап аттың жалын тұрды еңіреп,
Далада қалған қатып бір белгідей.
Ананың ауыр жасы түсті аунап;
Қасіретқоламтасы қайта лаулап,
Партизан баласына қарай берді,
Бақытын әкеткендей біреу жаулап.
Балғын қыз бұрымына қызыл такқан,
Түсті сұлқ, -

айрылғандай махаббаттан,
Жас жігіт қалды тұнып кәриядай,
Жап-жаңа домбырада күйін тартқан.
Сағада сыңсыды да үзілді күй,
Бір ауыр тыныштыққа толды әр үй.
Алдында әр адамның бір бос ыдыс
Сықылды мезгіл тұрды, -
Жасыңды құй.

Жауымыз кетті шошып қайғымыздан,
Сонда да жауыз жанда бар ма ұздан, —
Селт етіп бас көтерді ой жыланы,
Мұхитқа құлатардай бізді құздан.
Капитал дүниесі бір дүрлікті,
Бүйірге бірін-бірі шымшый түртті.
Бірақ та жазылмаған ауыр жара
Денесін қозғалтпайды, - қыйын тіпті (!)
Зар жылап бүкіл дүние еңбекшісі,
Қазағанын тосты үлкен-кіші,
Нілінде қасіреттің тұрды Негр,
Ерінге қатты батып күрек тісі.
Сары өзен - сарыуайым аққан сыңсып.
Бойында қытай құлы тұрды ыңырсып.

"Аһ! Ле - нин!"...

Кеудесінен шықты жалын,
Үміті шалажансар түсті ыршып.
Алды да алақанға жасын құйып,
«Рот-фронт» жұмырығын шықты түйіп,
Қыздары жатты өріп веноктарын,
Әрқайсы өз елінің гүлін жыйып...
"О, Ленин!

Ле - нин...

Ле - нин...

Ленин едің!

Ойпырай, сен үшін мен неге өлмедім!»
Деп әркім аңырады.

Амал қанша.

Жыла жер!

Мұны көрдің - не көрмедің.

Қасірет мұхитына кеттік батып,
Кім бізді күн көзіне алар тартып?
С т а л и н

Шықты жайлап трибунаға,
Қарадық шала-шарпы жас құрғатып.
Кім білген алып адам қасіретін,
Кәдімгі қайғы емес біз білетін -
Бір ұлы күйініштің сұрапылы
Жүзінен лапылдатты іштегі өртін.
Сол өртте балқығандай шықты үні,
Сілкінді ойдың шыңы,

Жан түкпірі,

Кеудеден от қанатты ұшты сөздер,
Жұлдыздай қуалаған бірін-бірі.
Біз дел-сал бойымызды алдық жыйып,
Қайғыныжанымызға қойдық түйіп.
Тік тұрып тыңдадық біз Сталинді,
Біртерек тыныштықпен тұрдықұйып,
Лениннің қарап ұлы тұлғасына,

Жыйып ап жер қайғысын бір басына -
Ант етті Ол, -

Айғақ етіп адамзатты,
Бөленіп қызыл тулар шұғыласына.
Ант етті Ол.

Айтты Ленин кім екенін:
Талай жан көшкен тастап жер мекенін.
Сол жерді аршып ескі қабығынан,
Тек Ленин ашып кеткен Совет елін.
Ант етті Ол, -

Айтты Ленин өсиетін,
Мынау ел біз жасаған,

Біз сүйетін -
Барымыз, бақытымыз тапқан аңсап,
Білейік, деді, соның қасиетін.

Ант етті Ол, -
Қарап Ленин дидарына -
Күн бола туған қарай жер шарына:
Ант етті Ол,-

Сөнбесін деп дәл осы күн,
Күн керек адамзаттың ұрпағына.
Ант етті Ол, -
Болайық деп Лениндай біз;

Жеңеміз жер бетінде,
Жеңілмейміз,
Ерекше жаралғанбыз лениншілдер,
Біздің үн: - «Ленин, Ленин, Ленин» дейміз.
Ант етті Ол,

Еңбекші әлем қарсы алдында:
Күн, тыңда!

Жылдар, тыңда!

Ғасыр, тыңда!

Көз тігіп заманалар күмбезіне,
Тұрды ол жер үстінде батыр тұлға.
Дариға, антын оның айнытпастан

Өлеңге сыйғыза алмай келем жастан,
Бар әлем әліппедей алған жаттап,
Сол еді Ленин жәйлі тұңғыш дастан,
Сол бір ант алып шықты тұңғыықтан,
Серпілдік,

Зілдей қайғы түсті иықтан;
- Ол тірі!

Жаса, Ленин! деп сілкіндік,
Кез еді кеудемізден жалын шыққан.

Нұрлы сөз «Ленин» деген құйылғанда -
Кеудеміз кетті жайнап,

Жер-жаһанға
Ленинше тіктік көзді.

Ойымызда
Құлпырды Ленин аты ұқсап таңға.
Ел болып,

Сапқа тұрып,
Иін-тіресіп,
Көл-көсір күй мұхитын кеттік кешіп,
Табыты төбемізде жүзді жайнап,
Ғажайып махаббаттың лебі есіп.
Сол күні еңбекші әлем шықты сыртқа,
Дүние тосты иығын сол табытқа,
Үстінде туған елдің жатты Ленин
Көрініп бар тарихқа,

Бар халыққа.
Сталин жүрді біздің алдымызда,
Ол, - Ленин боп көрінді ул мен қызға...
Деген сөз «Ленин - Сталин» сол күннен-ак
Орнады жанымызға, арымызға.

Мавзолей - құрмет төрі қасиетті,
Алдында бүкіл дүние тағзым етті,
Салдырып берді Сталин;

Жатыр Ленин
Сол жерде тосып бүкіл келешекті.

Өлген жоқ жатыр Ленин ұйықтап қана, -
Жаһанның жүрегіндей ұлы дана:
Жердегі барлық жолдың түйіні сол,
Құяды жұртағысы соған ғана.
Келешек ғасырлардың тың жолдары,
Күмән жоқ, сол торапқа соғар бәрі,
Күн маңдай көсемінің төңірегінде
Айналар, адамзатты ап, жердің шары.

1947

СОҒЫСТАН СОҒҒЫ БЕСЖЫЛДЫҚ

Сапырды соғыс дауылы
Өмірдің бейбіт теңізін;
Солқылдап дала сауыры,
Қаптады бір өрт жер жүзін.

Қасқара шықтық майданға,
Қасақы жауды мерт қылдық.
Халқымыз анттан тайған ба!
Құлшына түстік, серт қылдық.

- Қыйраған сәнді қаламыз,
Қаусаған алып заводтар,
Құлпыртып қайта саламыз,
Жатамыз, дедік, жаңа оттар, -

- Өртенген орман күйінбе,
Сені де қайта егеміз.
Баяғы балғын күйіне
Келесіңқайта, дегеміз.

Қанқұйлы дұшпан фашистер,
Аяусыз қорлап, тапталған

Қаралықайран жатты жер
Егінін, нуын өрт алған.

— Қайғырма, туған жеріміз,
Жиренген жауың жеңілді,
Бөлейміз нуға сені біз,
Жайқалтып алтын егінді.

- Қанымыз тамшы тамған жер,
Қызғалдақ атар құлпыртып, -
Деп іске басты алуан ер,
Өмірді алға ұмтылып.

Сталин бастап, біз қостап,
Кірісіп кеттік еңбекке;
Дүниеге бүкіл ой тастап,
Даңқымыз кетті жер-көкке

Ақылды, ойды, қайратты
Қасқара салдық қыйынға,
Қаһарман елміз айбатты,
Қыйындық ерге бұйым ба!

Қыйраған әбден, күл болған
Тірілді қала, заводтар;
Толқыды қайта нулы орман,
Егін - жай болды окоптар.

Бесжылдық біздің төрт жылда,
Қашаннан бергі дағдымыз;
Қыймылда, достар, серт қыл да,
Төкпедік босқа қанды біз! -

Деп бастық іске ер халық
Қалпына келді ұлы өмір;
Әніміз жатыр шырқалып,
Жүзіміз жалын, кеуде нұр.
Басамыз алға тағы да,
Жауымыз өртен күндесең!
Бағына елдің, бағына
Көп жаса біздің күн көсем!

1949

СЫР-ДАРИЯ АҢЫЗЫ

Сарғая ақтың сан ғасыр
Сағына бізді күткендей;
Аралға барып айттың сыр,
Дүркірей таудан, үркендей.

Жаутаңдап екі жағанда
Тамыры тандыр жер - жатты;
Талатып көшін заманға,
Қабағы қату ел жатты.

Ағып бір жаттың суылдап,
Айта алмай сірә бір сырды;
Қайысақарап, суыңды ап,
Жағанда мұңлы қыз тұрды.

Жайындай тулап толқының
Қанаты тисе дауылдың,
Тебіrentтің талай ер ұлын
Жабығы жыртық ауылдың.

Жағалай қонған ел еді,
Ел іші өлең-жыр еді,

Арманы елдің көп еді,
Өлеңі елдің Сыр еді.

«Барасын қайда асығып,
Суылдап ағып салқын Сыр?
Тасаттық беріп, бас ұрып,
Телміріп бұлтқа халқың тұр.

Телмірте бұлтқа, мойын бұр,
Шаңырқап далаң шөлдеді,
Ашықты жұртың, тойындыр,
Астықты әпер жердегі».

Ұққандай елдің тілегін,
Жағаға толқын үймелеп,
Ел түріп сонда білегін
Тартатын Сырды сүйрелеп.

Бұлдырық құстай бұлшық ет
Білекте тулап, талыпты...
Қалыпты қырда әлеумет
Жетелеп нәзік-арықты...

Көшіпті бұлттай сан ғасыр
Талықсып дала, тау қаңсып.
Жатыпты ағып дария Сыр
Арнада сыңсып, аунақшып.

Иесі келіп еңбектің
Аңдыды Сырдың ағысын;
Сүйреді қырға жер-көктің
Тулатып долы тағысын.

Дария тулап бұлқынды
Такаббар шіркін корланып;

Толқыны жарға ұмтылды
Желкілдеп жалы, долданып.

Еріксіз мойын бұрды да
Сыр бүгін елге бас ұрды;
Дірілдеп бойы тұрды да,
Ашуы жайлап басылды.

Көгінен күні нұр сепкен,
Жерінен гүлі жайқалып,
Бойында Сырдың ержеткен
Берекелі елім, бай халық, -

Көтеріп күйдің дауылын,
Сапыра Сырды жырлайды;
Далаға төсеп бауырын,
Дария толқып тыңдайды...

Сарғая ақтың сан ғасыр,
Сағына бізді күткендей;
Еліңе құт бол ерке Сыр,
Құмыңнан қырсық үркендей

1947 - 1950

ЕРТІС

Арқада аққан күміс алтын арна,
Ер, ерке Ертісімдей өзен бар ма?
Суылдап, сабырлы оймен жатыр ағып,
Жарқырап көз жіберіп айналаға.

Күй төгіп, кернейлетіп ағады Ертіс,
Лебімен балқытады даланы Ертіс,
Ертісім еркіндіктің бесігі бұл,
Ер жігіт, ерте тұр да Ертіске түс.

Жерімнің жатқан бұл бір көк жойқыны,
Үстінде ойнақтаған өр толқыны,
Болаттай суарылған осы Ертісте
Қайтыпта ер болмасын қазақ ұлы!

1943

АҚЫН МЕН ШАХТЕР

Ш а х т е р

Қолда бұрғым,
Түстім бір күн
Жеті қат жер астына;
Өттім үңгіп,
Кеттім сүңгіп,
Қарамақпал пластыға.
Қалың тыңға,
Қара алтынға
Қадай салған бұрғыммен,
Түріп жемді,
"Әуһ!" -деп, жерді
Көтергендей тұрдым мен.
Нақ сол кезде
Түспей көзге
Қайда жүрдің, ақыным?
Жер құлар деп,
Мерт қылар деп
Сызып па едің ақырын?

А қ ы н

Жолдасшахтер,
Аз мұрсат бер
Ұйқастауып алайын.
Ұйқаспаса,
Ұйқыашпаса,
Айып етпе, ағайын.
Аспанға ұштым,
Шолпан құштым,
Жаңа түстім жерге өзім;
Көп аңсаған
Келдім саған
Енді жырлар дер кезім.
Кеп сөйлеумен,
Көмейлеумен
Кетіпті өтіп көп күнім;
Еркін жырды
Серпілдірді
Сенің, құрбым, екпінің.

Ш а х т е р

Шахтерболмай,
Шабыт қонбай,
Аша алмассың жыр кенін;
Бізбен бірге
Түс тереңге,
Талабыңның түр жеңін.
Сырты жарқын,
Ішісалқын,
Қойсаңшы құр сызуды;
Тоңба өзің,
Болсын сөзің
Тас көмірдей қызулы.

А қ ы н

Рас айтасың,
Кім байқасын,
Жазыппыз ғой небір «том»;
Не жыр емес,
Көмірде емес,
Қызуыжоқ бықсық тоң.
Шахтер жолдас,
Енді болмас,
Еріксізмен жеңілдім;
Жазайын жыр,
Қазайын бір
Кеншахтасын өмірдің.

1948

ҚАРАҒАНДЫ

(Әнге)

Бір жер бар Қазақстан даласында,
Құрбыжан, апарайын барасың ба?
Арқаға Алатаудан ақ иықтай
Бір ұшсам, болат топшым, таласың ба!

Ол жердің тоңы алтын, түгі торқа,
Қанша алсаң қазынасы түспес орта;
Өшпейтін өміріңе от береді
Жігіті Қарағанды, салсаң қолқа.

Қарашы Қарағанды күмбезіне
Бойлаған мұнарасы күн көзіне;
Құрбыжан, қасиетті ол бір қазына,
Қуантып, тартпас сірә кімді өзіне.

1941

БАЛХАШ

Көргенімде сені алғаш
Көл едің бір жап-жалаңаш
Келдім тағы, қойныңды аш,
ҰлыБалхаш, нұрлы Балхаш.

Өзгеріпсің таңғажайып,
Құшағыңды еркін жайып,
Сәулетті үй, сәнді сарай
Көзтойғысыз қарай-қарай.

Сені мұнша кім өзгерткен,
Еліңқалай тез ержеткен,
Ұлы Балхаш, ойлы Балхаш,
Туған жерге нұрыңды шаш.

1948

ЕСІМДЕ ЕМБІ ӨЗЕНІ

Есімде Ембі өзені
Су емес, кілкіп май аққан,
Күркілдеп жердің өзегі,
Фонтанын мұнай айға атқан.

Есімде Ембі ерлері
Балуан қолмен тас сыққан;
Болаттай балқып терлері,
Сыққанда тастан май шыққан.

Есімде Ембі бойлары,
Еркімен жасап, өскен ер;
Ғажайып «Темір орманы»,
Құйып бір тұрған көк нөсер.

1949

АРАЛЫМ, АЙДЫН ШАЛҚАРЫМ!

Алқаракөк айдынында
Аққу жүзген, Аралым!
Айдынына ай нұрында
Айбаттана қарадым.
Аралым, айдын шалқарым,
Толқыны бұлтқа ұмтылған;
Толқын сайын бір жайын
Тулап ойнап бұлқынған.

Шарасында шайқатылған
Берекесі даланың;
Ақ қайраңы айға атылған
Көл еркесі, Аралым!
Аралым, айдын шалқарым,
Толықсып жерде құлпырған;
Жағасында жарасып,
Қыз да туған, ұл туған.

Керуендей кемелері
Кернейлеткен, Аралым!
Кеме сайын еңбек ері
Сертке жеткен, Аралым!

Аралым, айдын шалқарым,
Жағалай қаптап ел қонған;
Балдырған жас баласы
Тез ержетіп, ер болған.

1949

БЕТПАҚ ДАЛА

Басқа жанға өзінен
Сыр ашып, тіл қатпаған,
Жылайын десе, көзінен
Бір тамшы жас ақпаған,
Болушы еді қаралы
Талансыз сорлы бір ана,
Жүрегі шерлі жаралы,
Арман болып бір бала...
Сол бір ана сықылды
Бедірейген бетпақ шөл,
Бүгінгі күні ұл туды,
Бетпақ шөлді басты сел.

Құлазыған, қаңсыған
Шаңыркаған шаң басқан,
Қара құрты құжынап,
Ордалы жылан арбасқан.
Тұғыр болар қыранға
Томары жоқ, бүрі жоқ,
Суат болар қыранға
Қағы да жоқ, түгі жоқ.

Ызындаған тек қана
Қыста боран, жазда жел,
Сулап жатқан сұр дала
Сорлы еді ғой Бетпақ шөл
Меңіреу дала, мылқау шөл
Ешкімге тіл қатпаған,
Тауды бұзып аққан сел
Оған сірә батпаған,
Үндеместен үстінен
Жылдар өтіп кетіпті,
Көшкен бұлттай шұбалып
Ғасырлар да өтіпті.
Сол Бетпаққа ел қаптап,
Желбіреп қызыл ту барды,
Сарқырап ағып ойнақтап,
Күміс кәусер су барды,
Жұтты суды сіміріп,
Тамырына қан жүрді,
Бірте-бірте тіріліп,
Бетпақ шөлге жан кірді...

1940 48

АЛҒЫС

Армансыз адал көңіл алғысы бар, -
Кеуденің сарайынан күй боп шығар;
Әнім бар алғыс атты, махаббатты
Алка топ алдын көрген жерде айтылар

Ойлаймыз өмір жолын өткен-кеткен,
Кетер ме көлеңкесі көкіректен;
Дүниенің ең бақытты жандарымыз
Айтамыз көсемге алғыс сол себептен.

1948

ТАҢҒЫ ДАУЫС

Таласа таңмен дауыстап,
Барады халық ағылып,
Шығыста туын күн ұстап,
Жұлдыздар жерде жағылып.

Саптама етік аяқта,
Сықырлап басқан іздері,
Барады шалдар қай жаққа,
Ертемен нені іздеді?

Байпаңдап қаздай қарт ана,
Абысын-ажын әзілқой,
Алпысты тастап арқаға,
Ашты ма бүгін думан-той?

Жамылып түбіт шәлісін,
Басады кербез жеңгеміз;
Ертемен ойлап әр ісін,
Ағамыз ойы бір теңіз.

Қызығып қыздың бетінен
Сүйеді келіп таңғы аяз;

Жұлдыздай жайнап шетінен
Келеді қыздар көңлі жаз.

Шалқыған шайы шымылдық,
Шығыста құрды таң сұлу;
Бергендей жерге бір бұйрық.
Қададытауға алтын ту...

Баяғы халық бір халық
Толассыз селдей ағылған.
Дүние бүгін тым жарық,
Жұлдыздар жерде жағылған.

Айқара есік кең сарай,
Желпиді тулар қанатын.
Келіп те кетті жұрт талай,
Соктырып жүрек - сағатын.

Сүйікті қыз бен ұлының
Жүректе жаттап аттарын,
Халқымыз сайлап жүр бүгін
Өзінің депутаттарын.

Аспанда жүзіп алтын күн
Жұртымыз жүзі нұр жайнап,
Көсемі, күні халқымның
Сталинін жүр сайлап.

1948

ТУҒАН ХАЛЫҚ ДАУЫСЫ


Туғанел, қуанам әр жеңісіңе,
Жыр жазам жарар ма деп ел ісіне;
Азамат, ақын болып арманым жоқ,
Ере алсам шабысыңа, желісіңе.

Алқынды жүрек бір күй тыңдау үшін,
Тыңдадым туған халық мен дауысын;
Сайрады сансыз жүрек махаббатпен,
Сайлады ел Сталинін - таңдаулысын.

Алға ұстап адал тілек, ақ ниетін
Сайлады ел өз Советін - үкіметін;
Алдында әр адамның тұрды бір күн
Арқалап айлар мен жыл бар міндетін.

Бетінде бюллетеннің жазылған ат,
Ардақтап әр азамат артты аманат;
Халқымның қолындағы бақыт құсы
Алғы өмір аспанына қақты қанат!

1948



Күннен көріп Сталиннің дидарын,
Кетті жырлап ұлы шығыс тұс-тұстан.
«Біз Сталиннің солдатымыз!»

Деп шырқап,

Тұрдық біздер,

Көк дауылдай күй бұрқап.

Көкке ұмтылды ұлы Мұхит толқыны,
Жаһан тұрды жалт-жұлт қарап, таңырқай
Біз Сталиннің солдатымыз, тыңда жер!
Жерді - зират етем десе жау егер,
Адамзаттыңаманатын арт бізге,
Бізбіз адал, дүниеге мұрагер.

1948

ДҮНИЕ СЫЙМАС БОМБАҒА

Дүние сыймас бомбаға
«Атом» деп айқай салғанмен;
Дұшпанның жолы болды ма
Аяқтан талай шалғанмен!
Он алты Одақ бір елміз
Отызға толған жасы бар;
Ортамыз берік түгелміз,
Қай дұшпан бізді басынар!
Еңсесі кеткен еңкейіп
Ескілік енді елір ме!
Иіні шыққан топ жарып,
Иеміз біздер өмірге!

Адамның абзал ақылы
Қорғасын емес құйылған,
Кереметемес көр дұшпан
Кездерішыққан тыйыннан.
Жаһанның бүкіл жарығын
Жасырған түнек серпілген,
«Жаһаннам» атса жалынын
Айрылған емес жер күннен!
Қаусаған карттың қауқары

Қашырмасердің үрейін;
Қаққамыз талай «сайтанын»,
Көргеміз долы - дүлейін,
Ойраны шыққан өмірдің
Ортасын оя қонғанбыз,
Он алты Одақ ұлы Отан
Он алты қабат қорғанбыз.

1947 - 50

ДҮНИЕ ДҮШПАНДАРЫНА

Сөзім бар

Айтар дүние жауларына,
Дуылдап жатқан кезде дау-дабыра,
Мен дағы жауаптымын
Өзім тұрған
Дүниенің бүкіл алып аумағына.
Болсам да қарапайым жанның бірі
Менімен байланысты жер дағдыры;
Көне алман!

Дүние - туған мекеніме
Түссе кеп қандыбалақ қайдағы ұры.
Залында болғаным жоқ «Ақ сарайдың»,
Сондықтан құр даурығып қақсамаймын;
Аз сөйлеп, көп істейтін адамдармыз,
Бойыма былшыл сөзді дақ санаймын.
Езеуреп көргенім жоқ Париждан да,
Бөлмеймін айтар сөзді ар-ұжданға;
Айтамын айтарымды Алматымнан
Жетсін деп әділ сөзім жер-жаһанға.
Білемін, миллиондардың бірімін мен;
Жерді біз жаңғыртамыз миллион үнмен;
Дүние жауларына жаудыртамыз

Қарғысын адамзаттың отты зілмен.
Дүние душпандары, қандыбалақ!
Мыйыңнан кетті ме ағып берген сабақ?
Алжыған Британия арыстаны
Қаңсылап қашпап па еді, сан абалап?
Білеміз, арыстанға ет керегін;
Бірақ біз жыйғамыз жоқ ит көрегін.
Черчилльдей «асыл тұқым» шошқаларға
Жем беріп көргеміз жоқ біз теп-тегін.
Дүние дұшпандары! Артқа қара:
Хирота, Гитлер, Геббельс, Доихара
Дүниеде көп тыпырлап не бітірді?
Тұр күтіп сендерді де сол маскара.
Адамзат туған емес заңсыз, бала
Жаңа күш, жаңа өмірге жаппа жала.
«Жанбайды өшкен қайта», құр бықсытпа
Жұртында көшкен өмір қалған шала.
Қараңдар Европа мен Азияға,
Толқынды кім батырар дарияға!
Соқты әне дүниенің зор дауылы,
Тықсырып жер қоқырын тар қыяға.
Жаққандай адамзатқа жоқ мінезі
Сұмдардан дүние халқы болды мезі;
Түйіні тоқсан даудың біреу ғана:
Ол біздің ұлы Сталиннің айтқан сөзі!

1948

ӨЛМЕС ӨМІР ӨЛЕҢІ

"Ез тірліктен ер өлім
Артық екен» дер едім.

Деп кірді ол майданға,
Өтті құздан, сайдан да...
Жер бауырлап жығылды
Табаны бір тайғанда.

Ақтық рет күш жыйып
Күліп еді-ау жымыйып...
Қайран өмір сәулесі
Келбетінде қалды ұйып.

Тоңазыған болаттай
Тынып бір кез, оқ атпай,
Тұрды қоршап достары
Ажалды оған жолатпай.

Командирі сөйледі:
- Шіркін сабаз ер, - деді,
Мықтап тұрып бір түйді
Ұзақжолын жердегі.

Жер денесі шымырлап,
Елжіреді күй тыңдап...
Жауға ұмтылды достары
Кеудеде кек бұркылдап.

Сызды жерде тас бауыр
Гүл бөленді жас қабыр.
Қалды жатып қайран ер,-
Өмір жасап басқа бір.

Алпысты артқан арқаға
Қалды артында қарт ана,
Енді қалған өмірін
Жалап таусып, сарқа ма?

«Мүмкін тірі жүр шығар»
Деп жұбанды сұлу жар, —
Дәл осылай жадырап
Жаңбырдан соң күн шығар.

Көңілінде басқа күй,
Уілдейді жас сәби,
Әкесі кеп енгендей
Нұрға толы бастағы үй.

Өлушімед ер шіркін!
Сілкінді ол бір дүркін,
Келе жатты аралап
Өзітуған ел-жұртын.

Көсеміне ол барыпты,
Алтын жұлдыз алыпты,
Келді таяу үйіне
Ертіп бүкіл халықты...

Жар жүрегі дірілдеп,
Ұмтылдыана «ұлым!» деп
Арасында тулардың
Тұрды батыр күлімдеп.

Тұрды қарап, тіл қатпай,
Қысылғандай сөз таппай.
«Өлмес үшін бір өлдім».
Деген ойын тұрды айтпай


1948

БАЛДАҚТЫ ЖІГІТ

Балдағы бар бір жігітті көрдім де,
Қасақанасауал бердім келдім де:
«Ғафу жолдас! Көрінбейд бір аяғың, -
Кешегі өткен сұрапылда бердің бе?»

Жігіт екен! Жауап тапты тосыннан, -
(Бір ғажайып күлкі ойнады ернінде)
- Көріп тұрсыз, бір аяғым осында,
Екіншісін тұрмын басып Берлинде. -

1949



III TAPAY

КӨКТЕМ

Сансыз көкек сұңқылдап,
Көктемкелді ертелеп;
Нәзік үнмен сыққылдап,
Бұйра бұлақ еркелеп.

Асау өзен арқырап,
Асқар таудан дүркіреп,
Айдын жатыр жарқырап,
Алды дала бір түлеп.

Көкте бұлттар күркіреп,
Жерге төкті өрмегін;
Жауды жаңбыр сіркіреп,
Мейірленіп жерге күн.

Естіп аспан дауысын
Асыққандай гүл шығып;
Аңдып бұлттар ауысын,
Колхозды ауыл құлшынып.

Алақанын тұр жайып
Жас ағашта жапырақ,

Балғынөмір ғажайып
Жас дауыспен жамырап.

Еңбек ата жүр елде
Егін жайда ту ұстап,
Қара бұйра кілемге
Алтын шашып уыстап.

Темір тепшіп, ер терлеп,
Трактор сүйреп даланы,
Бүгінгіден ертеңге
Алып кетіп барады...

Көктемкүйін бастады
Өзөнерін асыра;
Қысты қуып тастады
Асқар таудың басына.

1948

КӨКТЕМГІ ТІЛЕК

Келді көктем, келді жаз,
Кетті көк мұз, аппақ қар;
Аппақ қардай ақ қағаз,
Жырым қайда көз тоқтар?

Жатпа менің алдымда
Жырсыз-күйсіз құр қағаз;
Кешеуілдеп қалдым ба? -
Сілкінейін мен біраз.

Шалқы менің көңілім,
Жазғы Жайық - Еділдей!
Жайқала түс егінім,
Етсем еңбек ерінбей.

Ексем егін ел үшін
Махаббатпен суарып,
Көкірегімнің жемісін
Алшы құрбым, қуанып.

1949

БАС, КӨКТЕМНІҢ КҮЙІНЕ!

Келді көктем ғажайып,
Күй төгейік!
Жауларымыз азайып,
Дос көбейіп,
Бара жатыр дүние
Кеңіп, байып,
Бас, көктемнің күйіне,
Ән шырқайық!
Бізге келді бұл көктем,
Оларға - қыс;
Бар үміті дәметкен -
Тағы Соғыс.
Қанаңсайтын, ұлайтын
Арам тамақ
Атлантика мұхитын
Арамдамақ.
Торлама бұлт, көктемнің
Нұрлы аспаным!
Қайта оралмас өткен күн,
Бақас залым.

Көктем келді ғажайып;
Күй төгейік!
Жауларымыз азайып,
Дос көбейіп,
Бара жатыр дүние
Кеңіп, байып;
Бас, көктемнің күйіне,
Ән шырқайық!

1950

Күн астында Жарқылдайды Май сұлу,
Қайта оралып Соққан жастық шағымдай,
Көкірегіме Бір нұр құйды сұлу май.
Март емеспін, Мен өзімде бір маймын!
Алтын жырды Аспанға атып жырлаймын.
Әкпел бері Домбырамды қолыма!
Қосыл, маған Дариғажан, Хорлыға!
Мерекенің Бастамасын бастаймын;
Келсе де май Апта сайын, күн сайын, —
Қонағымды Қарсы алуға мен дайын!

1946

БҰЛБҰЛДЫҢ, ГҮЛДІҢ ЖЫРШЫСЫ

Бұлбұлдың, гүлдің жыршысы,
Үлбірей бер өзіңше
Келді көктем - «жыл құсы»,
«Жібек жаның» сезінсе.

Көктем келді жырлаймыз
Еңбек күйін, ел күйін;
Бұлбұлды да тыңдаймыз,
Болып па екен сол қыйын?

Айыптайсың сен мені,
Жырың нәзік емес деп;
Көрмейсің гүлден өңгені.
Көзіңе сағым елестеп.

"Көктем күйі нәзік қой"
Дейсің, құрбым, білемін;
Көкірегіңе жазып қой,
Мен де ол сөзге күлемін.

«Көктем келді, гүл атты,
Шыр айналды көбелек»

Десем сізге ұнапты;
Оныңыз маған не керек?

Асып асқар таулардан,
Басып жасыл белдерді,
Ғасыр құзын аударған
Көресіз бе ерлерді?

Қажыр-қайраттемірдей,
Тұлғасы бір ғасырдай,
Мәңгі жасар өмірдей,
Сыр-сыйпатын жасырмай,

Келді олар, қарсы алды
Коммунизм көктемі;
Ар-намысым жар салды,
Солардың күйін шерткелі.

Олар басқан жерлерді
Өзім де басып өткемін;
Арманым жоқ көз көрді
Коммунизм көктемін!

1950

ШЫҚТЫ ЕГІНГЕ КОЛХОЗШЫЛАР

Алтын жұлдыз кеудесінде
Көсем сөзі зердесінде
Шықты егінге колхозшылар;
Тумен, дүмен, әнмен, күймен
Әр ауылдан, әрбір үйден
Сертпен бекіп шықты бұлар.

Алтын кірпік, дөңгелек көз
Күлім қағып шықты сол кез,
Қарады еңбек даласына;
- Мол егінге болсын ырым,
Дегендей-ақ төкті нұрын,
Өрлеп асқар тау басына.

Жалт-жұлт етіп бұйра жоны,
Тиген сайын адам қолы
Бара жатты дала түлеп;
Жасағандай көкте серуен,
Ақ желегі үлбіреген
Бұлттар етті жай сіркіреп.

Айбарлы, алып, асқар таудан
Асау өзен тас аударған

Ақты асыға егін жайға.
«Қыймылданғдар, жамағаттар»
Деп қояды дана қарттар,
Шіркін көңіл осындайда!..

Қарты қайсы, жасы қайсы?
Қайратыңмен қанат жайшы,
Берілші адал ұлы еңбекке, -
Неткен шабыт, неткен талап,
Сен бір алып, тұрсам қарап,
Өзің жерде, көңлің көкте!

- Туған жердің топырағы
Қолың тисе құлпырады -
Дейді жастар, агрономдар;
Алтын дәндер тердей сіңіп,
Иесіне жер сүйсініп,
Түсті үгіліп катал тондар.

Қарттары жоқ жастан қалар,
Қуанып жүр басқармалар,
Ойлап өткен-кеткенін де...
Құтты болсын қайырлы еңбек!
Алайық бір сермеп-сермеп,
Коммунизм көктемінде!

1950

МАЙ МАЙДАНЫ

Келді міне,
1950-жылдық майы;
Өміріміздей өзіміздің
Неткен жақсы күннің райы!
Май майданы жайды қанат
Экватордан Арктикаға,
Күн - командир, солдат - сағат
Шыққандай дәл атақаға.
Қысылды қыс, қашты іріп,
Жыртылды тон жалба-жұлба,
Тауға бұғып, тасқа кіріп,
Таялғандай жаны алқымға.

Сол сыяқты жауларымыз
Бара жатыр іріп-шіріп, -
Құрсағандай кеудесін мұз
Тұла бойын түршіктіріп.
Атлантика аржағынан
Арсылдайды арсыз дұшпан;
Біз бе шошыр қыйқағынан!
Жаз қорыққан ба қатал қыстан?
Келді міне,

1950-жылдыңмайы;
Өміріміздей өзіміздің
Неткен жақсы күннің райы!
Май майданы ойна маршын
Дүние досы, бізбен бірге!
Қасақы жау, тығыларсын
Қашып қыша тас үңгірге.

1950

КӨКІРЕККЕ ҚҰЙЫЛ НҰР

Көкірекке құйыл нұр
Даналардың ойынан,
Төгілші жыр, быйыл бір,
Тереңіңе бой ұрам.

Кеңі кеуде көктемдей,
Кеңі байтақ Отандай!
Өлең менен кеткендей
Жатамын ба от алмай.

Өлең керек өмірге,
Өлеңсізкүн көңілсіз,
Күй бітпей ме темірге
Табалсаңыз ебін сіз.

Темірдей бол жыр сөзі
Маяковский айтқандай;
Елім-жұртым сыншы өзі,
Жырла ақын, қалт қалмай.

1950

АУЫЛ СЫРТЫ, МАРЖАН КӨЛ

- Ауыл сырты Маржан көл,
Маржан көлге баралық,-
Деді жеңгей Маржангүл
Қою шашын таранып.

Көлге құмар жандармыз,
Кетебардык біз саулап;
Шомылармыз, жалдармыз,
Қыйқу салып, құс аулап.

- Қайық ,бар ма, жеңеше? -
Деп сұрасақ «жоқ» дейді;
Айып бар ма ендеше,
«Кеме бізде көп» дейді.

Келедіертіп жеңгеміз,
Сөзінде әлде сыр бар ма...
Келіпжеттік көлге біз,
Көлге емес... Қырманға!

Қыймылдадық біз дағы
Көлге маржан толсын деп,

Маржан көлдің қыздары
Бізге риза болсын деп,

Талай әнге қосылып,
Жаздың жырын жаттадық;
Маржан көлден жосылып
Алтын дария жатты ағып.

1948-1950

АЙ АСТЫНДА АЛТЫН ТАУ

- Ай астында алтын тау!
Әлде нұрлы күмбез бе?
Жоқ еді ғой, япырмау,
Келгенімде бір кезде?! -

Дедім де тез бұрылдым
Кележатқан бетімнен;
Астымдағы бурылдың
Жарауы әбден жетілген, -

Бір бел астым бұлдырап,
Қалағыма шалынды ән,
Күміс дауыс сыңғырап,
Түнгі гармонь шалқыған.

Сол бір әнді, сол күйді
Тыңдай бердім аялдап;
Астымда атым шұлғыйды
Толқый басып, аяңдап.

Гармонь үнін, қыз әнін
Қайтып сірә бұзамын;

Өзім де әнге қызамын,
Ай астымен сызамын.

Алтын тауда ән салған
Қызға жеттім, қол создым.
Ай нұрына шалынған
Астығы екен колхоздың.

1948-1950

КҮН КӨТЕРГЕН ҚАРЫНДАС

Көрейін деп ертемен
Колхоз күні шыққанын,
Араладым жеке мен
Қалың ауыл сырт жағын.

Нұрға бөлеп таң сұлу
Күн келбетті сәбиін,
Жатты жырлап қалың ну
Таңның күйін - әлдиін.

Шықты сол кез алдымнан
Күн көтерген қарындас,
Таң шапағын жамылған
Жаз бейнелі балғын жас.

- Күн көтеріп келесің
Толқып таңғы назыңмен,
Мұны кімге бересің? -
Деп сұрадым әзілмен.

Күн көтерген балғын қыз
Жауап қатты күлімдеп:

- Сыйлағаным, алыңыз,
Көп қой менің күнім, - деп.

Күн емес деп кім айтар
Сырдың сары қауынын!
Сүйсіндірер, жырлатар
Еңбек еткен ауылым.

1948 - 1950

АЛТЫН ЖҰЛДЫЗ

Қойды мен қазақ қызы бақпадым ба,
Аңғармай арайлы таң атқанын да,
Сүзіліп қараушы едім ауыр оймен
Аспанда алтын жұлдыз аққанында.

Батсам да, батпасам да ауыр ойға,
Қойымды қаптатушы ем қоңыр ойға...
Күндердің күнінде бір алтын жұлдыз
Жарқ етті, жетіппін мен абыройға.

Баққаным көк жұлдызын бекер екен,
Мұратқа еңбек еткен жетеді екен,
Төсіме берді қадап алтын жұлдыз,
Сталин әрі көсем, әрі әкем.

1948

САУЫНШЫ ЖЕҢГЕЙДІҢ ЖЫРЫ

Сауыншымын
Сүттен селді ағызған,
Сауыншымын
Бармақтан бал тамызған.
Сауыншымын
Колхозыма әйгілі,
Сауыншымын,
Сауын алғам бәйгіні.

Ақ телегей
Сауған сүтім теңіздей,
Сыйырым піл,
Бұзауым бар өгіздей;
Ағызамын
Бал қаймақтың өзенін,
Қарық болсын
Деймін менің өз елім.

Бақытым жоқ
Тауып алған бір жерден,
Берекесін
Сауып алған бұл жеңгең.

Сол сүттей ақ,
Көңілім аппак жеңгенмін.
Шырқап әнге,
Той-думанға енгенмін.
1946

ЖЫЛҚЫШЫ ЖЫРЫ

Төсімде алтын жұлдыз жарқыраған,
Астымда алтын жал ат арқыраған,
Алдымда айдағаным өншең саңлақ,
Қасқыр, жау қаһарымнан қалтыраған.

«Қызыл жал», «Қара кемер», «Қызбел»,
«Қусақ»
Баурында жылқым бұлттай жатыр жусап,
Өргізем гүрілдеген көк өзенге,
Жарқырап маңдайымнан шолпан туса-ақ.

Бұлбұл құс қақты қанат, таң да таяу
Ақырын қоңырлатам әнге баяу,
Жамылып таң шапағын мен келгенде,
Шықсаңшы күндей күліп қалқатай-ау.

1949

ЖАҢА ЖЫЛ

Сағат дәл он екіден тұрды аумаи,
Ескі жыл жайлап жылжып қарт адамдай,
Есіктен шыға бере сәл кідірді
Қарсы енген жаңа жылға қақтыққандай.
Екеуі келіскендей болды тілге.
Жаңа жыл жас жігіт боп енді өмірге,
Еркіндеп, - ендігісі менікі деп
Сағатты өз қолымен бұрды бірге.

Жаңа жыл, мың тоғыз жүз қырық жетінші,
Отырмыз сені күтіп үлкен-кіші,
Айқара ақ шапаның серпе тастап
Қаніки,шықшы төрге бір желпінші!
Кел достар, көтерелік күңгірлетіп,
Ал досым көңілді күй жібер шертіп,
Жаңа жыл, жаңа мейман, жаңа ырыс,
Көл болып көңіл шіркін жатсын кілкіп.


Ризамыз ескі жылға, болды игі,
Қыйынды қыйып түстік неше қыйлы,
Он екі серігін ол соңына ертіп,
Аралап елімізді, көрді сый-ды.

Құрметтеп үш жүз алпыс некерін де
Қызықпен ұластырдык күнін-түнге,
Көтеріп ұлы еңбектің күмбездерін,
Тойладық келерін де, кетерін де.
Сен дағы құтты болшы жаңа жылым,

Шомылып шалқарына өнер-ғылым,
Ашыла түссін біздің ой-санамыз,
Шыныға түссін күші жұмышының.
Тамған тер, сіңген қайрат жерімізге
Ырыс боп, тұрсын өсіп келер күзде,
Адамзат еңбек етсе - біздей етер,
Берерін дүние шіркін берсін бізге!

Ту етіп қасиетті ынтымақты,
Кеудегетолтырайық махаббатты,
Бақыттың бесігінде тербетейік
Өмірге келе жатқан жас ұрпақты.
Сол үшін, келші достар, жаңа жылда,
Отырып қала-дала, ойда-қырда,
Шалқия тарталық бір шаттық суын,
Дуымыз жетсін тарап бір ғасырға!

1946-1947



ЖЫЙЫРМА БЕС

Жыйырма бес, жас еді бұл болған арман,
Аңсаумен ата қазақ шашы ағарған,
Құса да қобыз ойнап Қорқыт баба
Адасып жыйырма бестен, қапы қалған.

«Жыйырма бес қайта айналып келмес саған»
Деген күй сардалада ыңыранған,
Сағым боп сылаң еткен жыйырма беске
Қадалып құба жонда қойшы қалған.

Сол жасты қудық біздер жыйырма бес жыл,
Сол жасқа біздер бүгін жеттік кәміл;
Жігітпіз, жасымыз бар жыйырма бесте,
Келеміз, өскендей боп кеудеде гүл, -

Өскендей кеудеде гүл - букеттермен
Келеміз ұл менен қыз гүл көтерген,
Ал қабыл алғыс гүлін, көсеміміз
Бақытқа жыйырма бесті бөлеп берген.

1946 - 1950

ЖАС ҚАЗАҚ

Жас қазақ, жарқыраған ой-санамыз,
Жаңғыртып жер сарайын ән саламыз,
Келедіөзі бастап бізді Сталин,
Келер күн керуендерін қарсы аламыз.

Жас дәурен - алтын жалау жарқылдаған,
Жас үнім жер бетінде саңқылдаған,
Ұлымынмен Лениннің, мен Сталиннің,
Қарайдықуанышпен халқым маған.

Ел жатыр Орта Азия өр төсінде,
Ұлы өмір қазақтың кең өлкесінде,
Лапылда жастық жалын! Дос сүйінсін,
Өзегін өштескеннің өртесін де.

Қарашы Қазақстан картасына,
Сыйғандай кімнің сірә қалтасына,
Такаббар Британия аралдарын
Бұл жердің менсінбейді әр тасы да.

Капитал товары емес, басқа затпыз,
Құлпырып қайта туған жас қазақпыз,

Әйгілі әлем сыры әліппедей;
Қазақпыз, досқа жақпыз, қасқа - жатпыз.

Бақыт не? Біз бе оған бас қатырар,
Бақыттың біздің елде басқа аты бар;
Бақыт - біз, -
Біздің Отан, -
Біздің көсем! -
Алдында адамзаттың мақсаты бар.

Ризамыз дәл осындай жастық шаққа,
Не жетер Лениншіл жас деген атқа!
Келеміз Коммунизм төріне өрлеп
Ашылып алдымыздан алтын қақпа.

1948 — 1950

КОМСОМОЛДАР КОЛОННАСЫ

Жастық дәурен жыл құсындай
Келді біздің Бірінші Май!
Комсомолдар колоннада -
Жаңа дүние тұңғышындай.
Басындар нық туған жерде,
Құлашыңды еркін серме,
Көңіл көктем, жүздерің жаз,
Кім қызықпас дәл сендерге.

Дүниеде көп жас пен кәрі,
Тұр сендерге қарап бәрі;
Жаңғыртыңдар жер-жаһанды,
Ленин - Сталин ұрпақтары!
Баста алға дүние жасын,
Жас жігерің жарқылдасын,
Сендерсіңдер сәулетіміз,
Інілерім, қарындасым.
Жастық дәурен жыл құсындай
Келдің біздің Бірінші Май!
Ерлетіндер жер бетінде
Жаңа дүние тұңғышындай!

1950

ЖАЗ ДИДАРЛЫ ЖАС АНА

Жаздидарлы жас ана,
Жаныңды тос әр күйге;
Жасара түс жасара,
Бөбегіңді әлдиле.

Қызжырлайды бақытын,
Төгілтіп шаш арқаға;
Ойлап өткен уақытын
Қайысады қарт ана.

Қайранана қыз тауып,
Күн өсірген күн құрсын.
Нұр үстіне нұр жауып,
Өз күніміз құлпырсын.

«Теңдік» атты терең күй
Бізден басқа қай елде?
Дүние бүгін басыңды ій
Қызыл тулы әйелге.

Көктен, жерден, теңізден
Жұлдыз емес, қыз көрдік;

Ерке сәби емізген
Айдай ана біз көрдік.

Жігіттерін жау елдің
Жағаласса, жер қылар,
Асылзады әйелдің
Біздің азат сұлулар.

«Сұлулық пен махаббат
Не?» деп әркім таласар;
Бақыты бар, басы азат
Адамға олар жарасар.

Қазақ қызы қара шаш,
Есінде ме «Қырқ байтал?»
Бүгінгіне жай құлаш,
Өткеніне бол қатал.

Жаз дидарлы жас ана,
Жаныңды тос әр күйге;
Жасара түс жасара,
Бөбегінді әлдиле.

1948

СЕНІҢ АЛМА БАҒЫҢА...

Сенің алма бағыңа
Шыбық шаншып кетіп ем,
Алдағы өмір бағына
Соны белгі етіп ем.

Келдім қайтып майданнан,
Таптым іздеп сені алғаш;
Сол шыбықтан жайқалған
Өсіпті бір алма-ағаш; -

Тұр жайқалып бағыңда
Қызығамын, тамсанам.
Өзің де бұл шағыңда
Кем емессің дәл сонан.

Неткен жақсы жер еді
Жас шыбығым жайқалған!
Бір сөз айтқым келеді,
Тіл жетпейді, айта алман.

1949

ҚУАНЫШҚА, БАҚЫТҚА

Қуанышқа, бақытқа
Құшағыңды еркін жай,
Біздің ұлы уақытта
Қуана біл, қайғырмай.

Еңсе көтер, еңбек ет,
Жеттің сонда мұратқа;
Қуыс кеуде, құр сурет
Болсаң - қалдың ұятқа.

Жастық отың сөнбесін,
Жігеріңмен жарқылда!
Қарттық саған келмесін,
Тартылма да сарқылма!

1949

Ақтарындар өмір кенін,
Қазынасын берекенің!
Қызыл тулы елің үшін,
Қызғалдақты жерің үшін,
Қызық дәурен өмір үшін
Қызсын сенің жігер-күшің!
Мектеп - кеме, білім - теңіз,
Тынбай алға жүзудеміз,
Біз жетпейтін қыйыр да жоқ,
Біз алмайтын қыйын да жоқ,
Өнер-білім теңізінде
Біз мықтымыз жер жүзінде.
Адаспаймыз ұлы жолда,
Ленин - Сталин туы қолда!

1948

ЖАННА

Артқа тастап алтыны
Жанна кетті жетіге,
Жазды бастап «А», «Б» ны,
Бірді қосып екіге.

Талпынады асығып,
Жетіге тез жетпекке,
Жақсы сумка асынып,
Барамын деп мектепке.

- Артист болам, ән салам,
Апа, папа кел, дейді,
Өзім шығып қарсы алам,
Билетсіз-ақ ең, дейді.

- Дәрігер болам, дәрімді
Көп-көп етіп, қойдырам,
Апа, аға бәріңді
Аспиринге тойдырам. -

Кім болсаң да ержетші,
Шықшы өмір төріне,
Қызығыңды көрсетші
Ата-анана, еліне.

1949

ӘПКЕСІ МЕН БӨПЕСІ

Әпкесі быйыл жетіде,
Бөпесі шықты екіге;
Тетелес бұлар болса да
Екеуі тату соншама.
Бөпеге беріп қуыршағын,
Қолға алып сумка шап-шағын,
Әпкесі оқып жүр быйыл, -
Көкірегіне нұр құйыл!
- «Бес алдым бүгін апа» деп,
Тарпады ешбір хата, деп,
Киімін іліп, төрлетіп,
Дәптерін ашып көрсетіп,
Әпкесі қайтса оқудан -
Үйінің іші бір думан.
Көздері күндей, ай қабақ,
Бөпесін сүйіп аймалап,
Бөленген өмір бақытқа,
Жарасқан жастық уақытқа!
Өзіне алса бір дәптер,
Бөпесіне суреттер
Әпкесі әкеп береді,

Екеулесіп көреді.
Міне түлкі, бұл мысық,
Сен де өзінше оқып шық,
Мынау қасқыр, бұл қоян,
Біліп алсаң, «бес» қоям, -

Дейді әпкесі күлімдеп.
Бөпесі де уілдеп,
Бір көрсетіп, бір тыңдап,
Бұл да өзінше былдырлап,

Оқығандай болады, -
Жаныма нұр толады.

1948

БЕСІК ЖЫРЫ

- Әлди, әлди әлпешім,
Ұйықта деймін - ұйықтайсың
«Мәһ-мә» берсем қайтесің
Ұйықта десем, ұқпайсың.
Жоқсын бүгін көз ілген,
Көп ісімнен бөгедің,
Айналайын көзіңнен,
Ұйықтай қойшы бөбегім!

Ұйықта бөпем, ұйықтай ғой,
Ұйықтайтын бұл шағыңда,
Қызық өмір, думан-той
Тұр ғой күтіп алдында.
Ұйықтап өткен не табар
Бұл өмірге бекер кеп?

Ұйықта бөпем, ұйықтап ал,
Ержеткен соң бол сергек.

Күлімдейсің - күнімсің,
Батар дағы күн шығар,
Уілдейсің - күйімсің,

Күй де бір кез тыншығар,
Сен де тынық бір мезгіл,
Толқып қана жат бөпем,
Аспанымда жүзе біл
Айым менің ақ бөпем!

1948

БАЛАЛЫҚ ШАҚ ТУРАЛЫ

Түседіеске жалаңаяқ күндерім,
Ақсүйекті ала қашқан түндерім;
Сол қашқаннан мол қашыпты балалық
Қайда екенін көптен бері-ақ білмедім.

Қуаредім осы күні етікшең,
Бірақ маған, жалаңаяқ, жеткізсең,
Мен мұндамын, сен қайдасың білмеймін
Жеңілаяқты жетім болып кеттің сен.

Өткен екен талай жылдар, талай күн;
Өміржолын, өлең жолын санаймын,
Сонау қарттың жөтелгенін есітіп,
Есік жаққа қайта-қайта қараймын.

1945—1950



V ТАРАУ



8-К. Аманколов

ӨЛЕҢ ТУРАЛЫ

Отырамкейде құрысып,
Бойымда бір жүк жатқандай;
Өтеді уақытым жылысып,
Өз міндетін атқармай...

Кетемін кенет сілкініп,
Іздегенім тапқандай,
Манадан бері іркіліп,
Селім бір енді аққандай.

Келеді өлең еселеп,
Үлгіре жазып жатамын;
Бір әндетіп, бір сөйлеп,
Мол рақатқа батамын.

Құрысқан бойым жазылып,
Лапылдап отым жанады;
Отырғандаймын мәз қылып,
Ойнатып сәби баланы.

Өлеңім менің бөбегім
Өзіме тартқан секілді,

Үстіне түсе төнемін,
Үйретіп оған не тілді.

Дүние қандай тамаша!
Іреніш-қайғы маған жат,
Құлпырам мез боп балаша,
Айналам толған махаббат.

1949

Жаз көңіл

(Әнге арналған)

Жазкөңіл, жаркылдаған бұл бір шағым,
Жаныма дарытпаймын дүние шаңын,
Әніммен қарсы аламын әрбір күнді -
Жайғандай ерке нәзік жар құшағын.

Жаз көңіл жігіт болдық той бастаған,
Құрбыға зейіні бар ой тастаған,
Жас өмір жайлауында шіркін көңіл
Бәйгіден күнде келіп ойкастаған.

Желпимін жанымды бір осындайда,
Үңілержүрегіме досым қайда, -
Кездесіп көңілімнің күнгейінде
Әніме асыл құрбым қосылмай ма.

1948

ДЕНСАУЛЫҚ ЖЫРЫ

(Бір жолдасқа)

Аулы, адал ақ ниет
Менде де біраз бар шығар.
Адамға біткен қасиет
Сыздаса балтыр - хал сұрар.

Арыммен жаздым бұл хатты,
Жанымдай жайған жетпекші;
Сізге бір келген сырқатты
Үлесіп алып кетсекші.

Дәрігер емен, ақынмын,
Қолымнан келер жыр ғана;
Осы бір жазған хатымның
Соңында тілек бір ғана:

Қадірлі біздің досымыз,
Біздерден аулақ сырқаулық;
Қайратқа қайрат қосыңыз,
Жасасын біздің денсаулық!

1948

РУСТАВЕЛИ ШОТАҒА

Шықтымшалқып шың басына, шарықтатып
шатқыялды, -
Өр көңілмен орай шолдым бар ғаламды, жыр-
жиһанды, -
Тұңғыйыққа терең бойлап, түстім тарих
дариясына, -
Көз жеткісіз көлемді ойлап, амандастым бар
ғасырға. -

Өткен өмір - бейне музей, араладым емін-
еркін, -
Ұқтымталай ғасыр сырын, өмір сыйқын, елдің
кейпін.
Жеті ғасыр жолға жетіп, айналама көз
жібердім,
Қаптауында хандық құрған халық көрдім,
көңіл бөлдім.

Ханды көрдім, қаһарымен айналасын
қалтыратқан;
Батыр көрдім, жолбарыстай тауда жортқан,
садақ тартқан;

Елді көрдім, еңіреген, Еділдей боп жасы
Ерді көрдім, есі шығып етегімен бетін жапқан ^{аққан}
Қызды көрдім, қыйын қамал зынданында зар ^{жылаған,}
Құлды көрдім, азап қабын арқалаған, нәр ^{сұраған.}
Сұм заманнан жаны шошып, жапан түзге ^{кеткен босып,}
Көрдім жалқы жауынгерді, өлім жолын ^{жүрген тосып...}
Қарай қалдым қап тауынын бұлт бүркенген ^{күз басына,}
Кенет көзім кетті түсіп бір ұлы адам ^{тұлғасына;}
Тұр екен ол, тым тұнжырап, Эльбрустан елге ^{қарап,}
Ел қыялын, ер арманын жыйып-теріп өзі ^{арқалап.}
Ақын екен, арыстандай айбарымен айға ^{шапқан,}
Ағыл-тегіл төгілген жыр — бейне Терек таудан ^{аққан,}
Қыйыр кезіп, ойға жүзіп, қыял құсы канат ^{қаққан,}
Айдынды аспан аққуына жыр тыңдатқан, ^{мұңын шаққан.}

Терек - Кавказдан құлай ағатын өзен.

НИЗАМИ ТОЙЫНДА

О, Низами ұстазымның бірісін.
Сен атқардың ұлы дүние бір ісін.
Сегіз ғасыр, ұлан асыр ғаламда
Өзге өлсе де сен өлмедің, тірісін.

Қауырсынын қалам етіп ақ қаздың,
Дүниені алдыға алып хат жаздың;
Келер күндер керуені көрсін деп,
Күңгейінде күмбез соқтың Кавказдың.

Сен тірісің, жыр жырлайсың бұл күнде
Туған елің Азербайжан тілінде;
О, сұлтаны ақындардың, Низами!
Сәлем Саған, сәлем Самед Вургунге

Баку, 1947

МӘЖІЛІСҚОРЛАР

(Маяковскийден)

Түн ауысып,
Таңға айналса болды тек,
Күн де көрем:
Жөңкілген жұрт лек те лек, -
Басқармаға,
Комитетке,
Просветке,
Политке әм -
Ағылған жұрт қызметке.

Кеңсесіне кірді келіп қызметкер,-
Жауды жаңбыр - жауды қағаз бір нөсер,
Елуінен ерек алып біразын,
Мәжіліске енді қайқаяды сабазын.

Келдің дедің:
«Бағы күннен жүр едім,
Аудиенция алу еді тілегім».
- Иван Ваныч мәжіліс кетті тағы да -
Тео - Гукон бірлестігі жағына. -
Жүз баспалдақ тоздырдың сен,
Мең-зеңсін...

Келдіңтағы:

- Бір сағаттан соң келсін,
Деді сізге.
Мәжілісте отыр, тез келмек,
Сыя сатып алмақ екен
Губкооператив бір шөлмек.

Сағаттан соң

Хатшылардың бірі жоқ,
Кеңседежан - тірі жоқ.
22 жасқа дейін барлығы
Комсомолдың мәжілісінде дағдылы.
Тағы өрледім, -
Түнге көзім түсті де, -
Жеті қабат үйдің дәл ең үстіне.
«Иван Ваныч келді ме екен? -
Жоқ онда (!)
- Мәжілісте отыр,
А-бе-ве-де-же-ком да. -

Лағнат айтып,

Ызам әбден асқындап,
Кіріп бардым Сол мәжіліске тасқындап.
О, ғаламат!
Қарай бердім сықсыйып,
Отыр өңшең Жарты адамдар мықшыйып.

Қайдажарты денелері бұлардың?

«Қырқып кеткен!

Ойбай, қайтіп шыдармын!»

Бұл сұмдықтан есім кетті, тап шыным.

Кенет Баяу

Үні естілді хатшының:

-Бұлар бірден

Екі мәжіліс үстінде,
20 мәжіліс өткіземіз бір күнде,
Қақ бөлінбес еш айла жоқ, таңданба,
Кеудемұнда,

Басқа жағы қалды анда.

Ыза деген ұйықтатпайды

Таң сәрі.

Таңмен бірге ойладым әр нәрсені;
«О, шіркін-ай,

Тағы бір мәжіліс өтсе екен,
Бар мәжілісті сол құртып бір кетсе екен».

1922

ПУШКИННЕН

Қысқы кеш

Кешкі аспанда алай-түлей
Сокқан боран көк дүлей;
Кейде ұлайды аш бөрідей
Кейде жылап сәбидей.

Тозған лашық қамысындай
Суылдайды кей уақыт;
Түн қатқан бір жолаушыдай
Қағады әйнек бейуақыт.

Әрі мұңлы, әрі күңгірт
Баспанамыз кеш құрым;
Алдында әйнек болып жым-
жырт
Неге отырсың кемпірім.

Әлде, досым, қажыдың ба,
Боран ұлып, бұйғып?
Әлде талып қалғыдың ба,
Ұршығыңды иіріп?

Сілкінер кеп ақын шіркін,
Сак оянған бүркітке ұсап.
Дүние - думан, ол қайғылы,
Безер аулақ жұрт сөзінен;

Тұрсадағы құдайұлы
Бас имес өр мінезімен.
Қашады аулақ, қатал, тағы,
Дегбірсіз ой, толған бір күй;
Толқындардың долы ойнағы,
Шулы ормандар тартады ылғый

Чадаевке

Махаббат, үміт, арзан мансап,
Бізді біраз алдап бақты;
Балалық желік кетті тарқап
Таңғы тұман, түс сияқты.

Өшпеді, бірақ, тілегіміз,
Көрсек те заман қаталдығын;
Асыға соғып жүрегіміз,
Тыңдаулымыз Отан үшін.

Талыға толқып күткен жарын
Махаббатты жас жігіттей,
Еркіндік езгу келер шағын
Күтулімізтәтті үміттей.

Азаттық аңсап, шөлдегенде,
Тазасында арымыздың,
Арнайық, досым, туған елге
Игілігін жанымыздың,

Илан, жолдас: тумай қоймас
Бақ жұлдызы біз аңсаған;
Көтерер Ресей ұйқыдан бас,
Күл-талқан боп озбыр заман,
Ардақтап жазар атымызды адам.

Арыстанды тырнағынан таныйды

Жақында бір жіберіп ем ысқырып,
Өлең шықты, бастырдым мен қол қоймай;
Қол қоймастан мақаласын қыстырып,
Журнал қуы сол өлеңге салды ойбай!

Бейпіл неме ізімді аңдып қалыпты;
Мен де оның аштырмадым адымын.
Ол қу мені тырнағымнан таныпты,
Мен де оны құлағынан таныдым.



МАЗМҰНЫ

Беті

І т а р а у

Советтік менің өз елім	5
Нұрлы дүние.	7
Қазақстан	8
Той бастар	11
Туған жер.	15
Мезгіл үні.	16
Ант.	19
Соғыстан соңғы бесжылдық	26
Сырдария аңызы.	29
Ертіс	32
Ақын мен шахтер.	33
Қарағанды	36
Балхаш.	37
Есімде Ембі өзені.	38
Аралым - айдын шалқарым.	39
Бетпак дала	41
Алғыс	43
Таңғы дауыс.	44
Туған халық дауысы.	46

ІІ т а р а у

Біз Сталиннің солдатымыз	49
Дүние сыймас бомбаға	52
Дүние дұшпандарына.	54
Өлмес өмір өлеңі.	56
Балдақты жігіт.	59

III тарау

	Беті
Көктем	63
Көктемгі тілек	65
Бас, көктемнің күйіне.....	66
Май келді	68
Бұлбұлдың гүлдің жыршысы	72
Шықты егінге колхозшылар	74
Май майданы	76
Көкірекке құйыл нұр	78
Ауыл сырты маржан көл.....	79
Ай астында алтын тау.....	81
Күн көтерген қарындас.....	83
Алтын жұлдыз	85
Айсұлу.....	86
Сауыншы жеңейдің жыры.....	87
Жылқышы жыры	89
Жаңажыл	90

IV тарау

Жиырма бес	95
Жас қазақ	96
Комсомолдар колоннасы	98
Жаздидарлы жас ана	99
Сенің алма бағыңа	101
Қуанышка, бақытқа	102
Мектеп-кеме, білім-теңіз	103
Жанна	105
Әпкесі мен бөпесі	107
Бесік жыры	109
Балалық шак туралы	111

V тарау

Өлең туралы	115
Жаз көңіл	117
Денсаулық жыры	118
Руствели Шотаға	119
Низами тойында	123
Мәжілісқорлар (Маяковскийден)	124
Пушкиннен (Қысқы кеш, Ақын, Чаадаевқа, Арыстанды тырнағынан танийды)	127

Қ. АМАНЖОЛОВ
СВЕТЛЫЙ МИР

Сборник стихов
(на казахском языке)
Издание Казгослитиздата

Редактор *А. Хангельдин*
Техредактор *Н. Федоров*
Художник *А. Баслик*
Корректор *Л. Джакупова*
*

Подписано к печати 8-IX-1950 г.
И д. № 94
УГ05071 Объем 4,125 п.л. Уч.-изд. 3 л.
Ф.Б. 70X92 1/32л. Тираж. 5000 экз.
Цена 3 руб.

г. Алма-Ата. Гостипография № 1
Казполиграфиздата при Совете
Министров Каз.ССР Зак. № 743